

БӨЛІМ: ДЕФЕКТОЛОГИЯ

Хх дыбысы мен әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.10.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/83412/

Нусупова Г.Е.

Қысқа мерзімді жоспар

Тексерілді:

Әдіскер

Күні: 20.02.2019 1 сағат Сынып: 1 «а» Пәні: сауат ашу		Мұғалімі:		
Сабақтың тақырыбы:		Хх дыбысы мен әрпі		
Сабақтың мақсаты:		<p>Білімділік: Оқушыларды х дыбысы мен әрпімен таныстыру, дыбысты ести білуге, оны сөз ішінде басқа дыбыстан ажырату, әріптің баспа және жазба түрлерін танытып, оны дұрыс дыбыстату.</p> <p>Дамытушылық: Х дыбысына қатысты жаңа сөздерді айту арқылы ой — өрісін, тіл байлықтарын, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін, сөздік қорларын дамыту.</p> <p>Тәрбиелік: Оқушылардың оқуға, білімге деген қызығушылығын қалыптастырып, ұқыптылыққа тәрбиелеу, сауатты, қатесіз таза каллиграфиясын сақтап жазуға тәрбиелеу.</p>		
Көрсету жабдықтары:		Суреттер, оқулықтар, дәптерлер, кеспе әріптер, қима суреттер.		
Пәнаралық байланыс:		Айналадағы әлем, математика		
Сабақ кезеңдері:	Мұғалім мен оқушылардың біріккен қызметі мазмұны	Сараланған және жекеленген тәсілдер		
		1-2 топ	3- топ	4-топ
Ұйымдастыру	Амандасу -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Отырыңдар. -Қазір бізде қандай сабақ? —Сауат ашу —Кезекші мәліметі -Сабаққа қажетті құрал-жабдықтарыңды алыңдар. Психологиялық дайындық. Біз бақытты баламыз, Оқып білім аламыз, Әріптерді үйреніп, Білімді бала боламыз.	Кезекші мәліметі		
Үй тапсырмасын тексеру	Балалар бүгін мен кім дұрыс жауап берсе, сол оқушыға гүл сыйлаймын. Сендер көп гүл жинап, үйге барғанда аналарыңа, әжелеріңе 8- наурызға гүл шоғын сыйлайсыңдар. Тыңдалым №1 -Үйге қандай тапсырма берілді? -Өткен әріптерді қайталайық. «Сөз ойла, тез ойла» ойыны. Мен сендерге әріп айтамын, ал сендер сол әріп кездесетін сөз айтасыңдар: ү, и, ж т.б. Жауап берген оқушыны барлығымыз бас бармағымызбен бағалайық. Жарайсыңдар, балалар!	Айтылым №1 Балалар жауабы	Айтылым №1 Алфавитегі өтілген әріптерді қайталау. Балалар жауабы	Айтылым №1 Өткен әріптерді қайталау.
Сабақтың мақсат - міндеттерін анықтау	Хх дыбысы мен әрпімен таныстыру.			

<p>Жаңа тақырыпты түсіндіру</p> <p>Ал, балалар, бүгін жаңа әріппен таныспас бұрын сендерге жұмбақ жасырайын. Егер сендер дұрыс шешсеңдер, бүгінгі өтетін дыбыс шығады: Халықта бар, Елде жоқ. Халатта бар, Көйлекте жоқ.(Х) Дұрыс балалар, Х дыбысы екен. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Хх дыбысы мен әрпі.Енді мына суретке қараңдаршы (суретпен жұмыс) — Мынау не? – хат. Хат, хабар, хан, халық, хор, ханшайым, ханзада, хоккей, шахмат, халат. Буынға бөлейік.Х әрпі сөздің қай бөлігінде кездеседі? — Х — х — х (хормен айту) — Х — қандай дыбыс деп ойлайсыңдар? — Х — дауыссыз дыбыс. — Қандай түспен белгілейміз? — Көк түспен белгілейміз де көк үйге кіргіземіз. Хх — дыбысының әріп таңбасымен таныстыру. Қанекей саусақтарымызбен х әрпін жасап көрейікші. 2.Сөргіту сәті Оңға, оңға түзу тұр, Солға, солға түзу тұр. Артқа қарай бір адым, Алдыңға қарай бір адым . Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық. 3.Кітаппен жұмыс Балалар қазір кітабымыздың 33 бетін ашамыз. Сурет бойынша жұмыс. Суретте не бейнеленген? Ал енді берілген сөздерді тізбек бойынша оқимыз. Тізбектеп оқу. 4. Саусақ жаттығуы Бес саусақ Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Жазылым №1 Ауада Хх дыбысының бас әрпін жазып көрсету, элементтерін айту. Балалармен бірге ауада жазу. Тақтада Хх әрпінің жазылуын көрсету. 5.Дәптермен жұмыс Дәптердегі жеке тапсырмаларды орындау. Әдемі, таза жазуларын қадағалау. 6. Кеспе әріптермен жұмыс</p>	<p>Тыңдалым</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Балалар қимылы.</p> <p>Колхозда, Нұрмаханға, Ахмет Хамит Ахметке хат жазды. Қымбатты, Ахмет! Қысқы демалыста бізге кел. Тосамын. Хат жаз.</p> <p>Саусақ жаттығуы</p> <p>Жазылым №1 Х әрпінің бас әрпін үлгі бойынша жазу.</p> <p>Хат</p>	<p>Тыңдалым</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Балалар қимылы.</p> <p>Ха-ха Ах-ах Хат, Хасан, Хамит, халат</p> <p>Саусақ жаттығуы</p> <p>Жазылым №1 Х әрпінің бас әрпін бастырып жазып шығу.</p> <p>Хат</p>	<p>Тыңдалым</p> <p>Қима суретпен жұмыс</p> <p>Балалар қимылы.</p> <p>Қима суретпен жұмыс</p> <p>Саусақ жаттығуы</p> <p>Жазылым №1 Х әрпінің элементтерін жазу.</p>	
<p>Жаңа тақырыпты бекіту және қайталау</p>	<p>«Сәйкестендір» әдісі.</p>	<p>Әріпті тиісті орнына сәйкестендір.</p>	<p>Әріптердің ішінен Х әрпін тауып, боя.</p>	<p>Кеспе әріптердің ішінен Х әрпін көрсет.</p>
<p>Сабақ қорытындысы және оқушыларды бағалау</p>	<p>Бүгін біз не үйрендік? Не білдік? Гүл шоғын жинау арқылы оқушыларды бағалау. Әр дұрыс жауапқа бір гүл алу арқылы сабақтың соңына дейін гүл шоғын жинау.</p>	<p>Айтылым</p>	<p>Айтылым</p>	<p>Айтылым</p>
<p>Үйге:</p>	<p>Үйден 33 беттегі сөздерді оқып, дәптерде берілген тапсырмаларыңды жазып келесіңдер.</p>			
<p>Тақырып бойынша оқушылардың нәтижесі</p>				
<p>1-2 топ</p>				
<p>3-топ</p>				
<p>4 топ</p>				

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.